

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ МИНИСТРЛІГІ
«ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ӨНЕР УНИВЕРСИТЕТІ» РЕСПУБЛИКАЛЫҚ
МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ**

ҚазҰӨУ ОӘК отырысында
қаралды және келісілді
№ _хаттама _____ 2024 ж.

**Мәдениет және өнер бағытындағы білім беру мекемелерінің
мамандарына арналған біліктілікті арттыру курсы бойынша білім беру
бағдарламасының
ЖОБАСЫ**

«Дәстүрлі ән айту өнеріндегі орындаушылық ерекшеліктер»

Құрастырушы:
доцент Т.Т.Сембаев
«Ерен еңбегі» медалінің иегері,
ҚР Мәдениет қайраткері

Астана – 2024

1. Жалпы ережелер

1. Бағдарламада (курс барысында) теориялық және әдістемелік тәсілдерді пайдалана отырып тыңдаушылардың кәсіби біліктілігін арттыру, білімін жетілдіру, дәстүрлі ән айту шеберлігін игеру, өзін-өзі дамыту, репертуар қорын жасау қарастырылады.

2. Бағдарлама кәсіби әншінің музыкалық білім, мәдениет және өнер саласындағы әлеуетін барынша арттыру үшін қолайлы жағдайлар жасауға ықпал етеді, жалпы білім беретін мектептердің музыка мұғалімдері, балалар музыка мектептері мен өнер мектептері мұғалімдері және жоғары оқу орындары оқытушыларының практикалық даярлығын жетілдіруге бағытталған.

3. Қазіргі заман талабы маманнан жоғары ұтқырлықты, шығармашылық іс-әрекетке, бәсекеге қабілеттілікті талап етеді. Шығармашылық қызмет барысында тыңдаушылардың бұрын алған дағдыларын қайталау және тереңдету арқылы дәстүрлі әншілердің кәсіби құзыреттілігін арттыру.

2. Глоссарий

Әдіс - (грек. odes – бір нәрсеге жетудің жолы) – көздеген мақсатқа жетудің жолы, тәртіпке келтірілген қызмет жүйесі.

Ән - ең кең таралған музыкалық шығармалар жанры, музыка мен поэзия өнерлерінің ортақ туындысы.

Әншілік дауыс - адамның музыкалық дыбыстарды шығару, дауыстық аппараттың көмегімен ән айту қабілеті, сондай-ақ осы дыбыстардың өзі.

Әншілік дауысты анықтайтын қасиеттер - тембрдің сұлулығы, күші, дыбысты ұзақ уақыт ұстай білу.

Әрекет - адам болудың тәсілі.

Дағды - жаттығу нәтижесінде пайда болатын автоматтандырылған ептілік немесе әрекет.

Дауыс аппараты - дауыс пен сөйлеу дыбыстарын қалыптастыруға қызмет ететін органдар жүйесі.

Дауысты қою - дауыста оны кәсіби пайдалану үшін қажетті қасиеттерді дамыту үрдісі.

Дауыстану - әр жеке дауыстың және барлық дауыстардың көп дауысты шығармадағы қозғалысы.

Дыбыстану - вокалдық өнерде бұл термин әуеннің дыбыстары бойынша дауысты басқарудың әртүрлі түрлеріне қатысты қолданылады (мысалы., кантилена, портаменто, маркато және т.б.).

Жалпы - табиғат пен қоғамның алуан түрлі құбылыстарының объективті бірлігі.

Жіктеу - құбылыстарды қандай да бір негіз бойынша топтарға бөлу.

Интонация (лат. Intono) – сөйледерді, олардың бөлшектерін сазына келтіріп сөйлеудің ырғақты әуені.

Интерпретация – орындаушының музыкалық шығармаға беретін көркем интерпретациясы.

Логика - бір нәрсенің дамуының ішкі заңдылығы.

Мәселе - теориялық немесе тәжірибелік сұрақ, шешуді, зерттеуді қажет ететін мәселе.

Музыкалық қабілеттер - музыкалық дағдыларды игеруге мүмкіндік беретін психикалық қасиеттер мен қабілеттердің жиынтығы: музыка тыңдау, ән айту, аспаптарда ойнау, импровизация, композиция.

Музыкалық рефлексия - биіктігі мен ұзақтығы бар дыбыстардың көмегімен адам өмірінің заңдылықтарын жаңғырту.

Музыкалық терапия - музыкамен емдеу.

Өзектілік - осы сәт үшін маңыздылық, қазіргі уақыттағы бір нәрсенің маңыздылығы.

Өз-өзін бақылау - өз-өзіне бақылау жүргізу.

Өнер – көркем образдар жүйесі арқылы адамның дүниетанымын, ішкі сезімін, жан дүниесіндегі құбылыстарды бейнелейтін қоғамдық сана мен адам танымының формасы.

Педагогикалық шеберлік – педагог қызметкерлердің қосымша білім мен дағдылар көмегін алудағы білімдік қажеттіліктерін қанағаттандыру, кәсіби мамандардың үздіксіз дамуына көмектесу.

Реверберация - бірнеше рет шағылысқан кезде дыбыстың қарқындылығын біртіндеп төмендету процесі. Кейде реверберация деп ревербераторлардың көмегімен берілген әсерге еліктеу түсініледі.

Резонанс - резонатор деп аталатын денеде сыртқы тербелістердің әсерінен бірдей жиіліктегі тербелістер пайда болатын құбылыс.

Эмоционалды интеллект - бұл сіздің және басқалардың эмоцияларын түсіну қабілеті.

Эстетикалық тәрбие - жаратылыс дүниесіндегі немесе өнер туындысындағы сұлулық пен әсемдікті абылдап, ғибраттануға баулитын, адамның эстетикалық сезімін, талғамын қалыптастыратын тәрбие.

Шығармашылық - адамның өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі.

3. Бағдарлама тақырыптары

Кесте 1

Модуль 1. Домбырамен ән салудың негіздері	1.1. Домбыра аспабын меңгеру
	1.2. Әнді домбырамен сүйемелдеп орындау
Модуль 2. Дәстүрлі әншілік мектептер	2.1. Арқа әншілік мектебі
	2.2. Батыс Қазақстан әншілік мектебі
	2.3. Жетісу әншілік мектебі
	2.4. Сыр өңірі әншілік мектебі

	2.5. Алтай-Тарбағатай әншілік мектебі
Модуль 3. Халық әндерінің ерекшеліктері	3.1. Халық әндері
	3.2. Халық композиторларының әндері
	3.3. Жаңа заман композиторларының әндері
	3.4. Абайдың шығармашылық жолы
	3.5. Орындаушылық шеберлік
Модуль 4. Дауыс аппаратымен жұмыс	4.1. Дауыс деректерімен танысу
	4.2. Вокалдық дағдылар, тыныс пен дыбысты үйлестіру
	4.3. Сөйлеу мен ән айтудағы артикуляция
	4.4. Тесситура
Модуль 5. Пәнаралық байланыстар	5.1. Қазақ өнерінің тарихы
	5.2. Актёрлік шеберлік
	5.3. Сахна мәдениеті

4. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері, күтілетін нәтижелер

Курстың мақсаты:

- дәстүрлі музыкалық өнер саласындағы мамандар, дәстүрлі әншілер және педагогтардың кәсіби даярлығы мен шеберлігін жетілдіру, инновациялық әдістерді игеру.

Міндеттері:

- білім алушылардың музыкалық ой-өрісін кеңейту;
- дәстүрлі әндердің тарихымен, дәстүрлі әншілік өнердің көрнекті өкілдерімен таныстыру;
- әншілермен жұмыс жасаудың шығармашылық, әдістемелік, тәсілдері туралы білім беру;
- алған білімдерін болашақ орындаушылық қызметтерінде қолдану туралы кеңестер беру;
- орындаушы, оқытушы ретінде кәсіби шығармашылық қызметке дайын, мәдениет және өнер саласындағы кең ауқымды білімі бар маманды тәрбиелеу;
- педагогикалық және кәсіби шеберлікті арттыру, кәсіби құзыреттіліктерді меңгеру;
- жан-жақты білім алу үшін ғылымның әртүрлі салалары арасында өзара байланыс орнату тәсілдері.

Күтілетін нәтижелер:

- дауыс жаттығуларын өз бетімен орындау, оқу барысында алған теориялық білім мен практикалық дағдыны қолдануды үйрену;
- орындаушылық шеберлікті меңгеру;
- шығармашылық ұжымдардағы ұйымдастырушылық-басқарушылық қызметті білу;
- дәстүрлі ән айтуда әр түрлі ғылым салаларынан алған білімдерін қолдану, жинаған тәжірибесін қолдана білу.

5. Бағдарламаның құрылымы мен мазмұны

Модуль 1 - Домбырамен ән салудың негіздері

Халық әнінің орындалу мәдениетін қалыптастыруда домбыраның орны ерекше. Халық әндерін аспаппен сүйемелдеу және аспапты шеберлікпен ойнау қарастырылады.

Модуль 2 – Дәстүрлі әншілік мектептер

Қазақтың ұлттық музыка өнерінің бағыттары – ән, күй, жыр өңірлік орналасу орындарына байланысты бірнеше орындаушылық мектептерге бөлінеді. Оқыту барысында әннің шығу тарихы, мазмұны, аймақтық ерекшелігі қамтылады.

Модуль 3 - Халық әндерінің ерекшеліктері

Халық әндері құрылымы мен әуендік тілі қарапайым, диапазоны жағынан шағын, әуезді болады. Сонымен бірге құрылымы күрделі, диапазоны кең түрлері де кездеседі. Модульдің мақсаты халық әндері, халық композиторларының әндері, жаңа заман композиторларының ән жанрларын талдау, насихаттау, орындаушылық шеберліктің деңгейін көтеру.

Модуль 4 - Дауыс аппаратымен жұмыс

Бағдарлама білім алушыны кешенді дамытуға, әншілік қызмет біліктілігін қалыптастыруға, дәстүрлі әннің арнайы дағдыларын жетілдіруге, әншілік дауыстың негізгі қасиеттері мен дауыс аппаратының қызметін үйлестіру және есту дағдыларын дамытуға бағытталған.

Модуль 5 - Пәнаралық байланыстар

Пәнаралық байланысты оқыту барысында теориялық білімді тереңірек меңгеру талап етіледі. Ғылымды интеграциялау, білім беру саласындағы байланысты дамытуға, пәннің ерекшелігін анықтауға себебін тигізеді. Музыка өнерін интеграциялау арқылы кәсіптік музыкалық өнердің қалыптасуы мен даму кезеңдерін, музыка тарихы және фольклор, сахна мәдениеті, актерлік шеберлік туралы білімдерді тереңдетіп, әр кезеңдегі музыканың стильдік айырмашылығын зерттеу қарастырылады.

Бағдарламаның міндеті:

Бағдарлама дәстүрлі ән орындаудың әдістерін меңгеріп, кәсіби құзыреттіліктерді дамыту, әннің мазмұнын аша білу, әр өңірдің стильдік ерекшеліктерін сақтау.

Білім алушы біліктілікті арттыру курсы аяқтағаннан кейін оқудан күтілетін нәтижелер:

білу керек:

- кәсіби деңгейін арттыратын түрлі әдістер мен тәсілдерді білу;
- музыкалық шығарманың құрылымын, заңдылықтарын және аспаппен сүйемелдеу қағидаларын білу;
- концерттік жобалар мен бағдарламаларды жоспарлау негіздерін білу.

пайдалана білу, істей алу, жүзеге асыру:

- өңірлік дәстүрлі ән мектептерінің ерекшеліктерін көрсетіп, кәсіптік дағдыларды дамыту;
- ұлттық дауыс ырғағын сақтап, орындаушылық деңгейін көрсету;
- орындаушылық тәжірибеде музыкалық, тарихи және теориялық білімді пайдалану;
- орындаушылық шеберліктің ерекшеліктері туралы білімді дамыта отырып репертуардың қорын кеңейту;
- орындаушылық пен тәжірибелік жетістіктерді оқу үрдісіне енгізу;
- кәсіби орындаушылық шеберлік пен шығармашылық қызметке қабілетті болу, алған білімдерін қызметінде пайдалана білу.

меңгеру:

- актерлік шеберлікті дамытып, сахналық сөйлеу мәдениетін меңгеру;
- мамандық бойынша пәндерді оқытудың әдістемелік тәсілдерді, дағдыларды және кәсіби орындаушылық қабілетті меңгеру.

6. Оқу процесін ұйымдастыру

Біліктілікті арттыру курсының ұзақтығы - 80 сағат.

Тыңдаушылар санаты: Дәстүрлі ән бағыты бойынша музыка, мәдениет және өнер мекемесінің мамандары, бастауыш, орта және арнайы музыкалық білім беретін оқу орындарының оқытушылары.

Оқыту түрі: Курсты күндізгі және қашықтықтан (онлайн) теориялық және тәжірибелік білім беру арқылы өткізу қарастырылған. Оқыту: дәріс оқу (лекция), тәжірибелік сабақтар, шеберлік сыныптары (мастер-класс), дөңгелек үстел басындағы пікірталастар, конференция өткізу, тренинг түрінде өткізіледі.

Білімді бақылау: Сынақ түрінде.

Курстың 1 академиялық сағаты-45 минут

7. Бағдарламаны оқу-әдістемелік қамтамасыз ету

Модульдерді оқыту барысында дереккөздер, зерттеулер, шығармашыларды талдаулар мен шығармаларды орындаудың жаңашыл әдістері жайлы мақалалар мен жарияланымдар пайдаланылады. Сонымен бірге оқу үрдісінің сапасын нығайту үшін желілік қауымдастықтармен бірлесе отырып вебинарлар өткізу қарастырылады. Курс тыңдаушыларына модульдің

тақырыбына сәйкес өздігінен оқу және тереңірек білім алу үшін қажетті дереккөздерді ұсынылады.

Кесте 2

№	Модульдер мен тақырыптардың атауы	Барлық сағаттар	Академиялық сағаттар		
			Лекция/Практикалық	ТӨЖ	ТӨЖ тексеру
1. Домбырамен ән салудың негіздері					
1.1.	Домбыра аспабын меңгеру	2	1	1	
1.2.	Әнді домбырамен сүйемелдеп орындау	2	1		1
2. Дәстүрлі әншілік мектептер					
2.1.	Арқа әншілік мектебі	10	3	4	3
2.2	Батыс Қазақстан өңірінің әншілік мектебі	3	1	2	
2.3	Жетісу әншілік мектебі	3	1	2	
2.4	Сыр бойы әншілік мектебі	3	1	2	
2.5	Алтай-Тарбағатай әншілік мектебі	3	1	2	
3. Халық әндерінің ерекшеліктері					
3.1	Халық әндері	8	2	4	2
3.2	Халық композиторларының әндері	5	1	3	1
3.3	Жаңа заман композиторларының әндері	4	2	2	
3.4	Абайдың шығармашылық жолы	6	2	4	
3.5	Орындаушылық шеберлік	10	3	6	1
4. Дауыс аппаратымен жұмыс					
4.1	Дауыс деректерімен танысу	3	2	1	
4.2	Вокалдық дағдылар, тыныс пен дыбысты үйлестіру	4	2	2	
4.3	Сөйлеу мен ән айтудағы артикуляция	4	3	1	
4.4	Тесситура	3	2	1	
5. Пәнаралық байланыстар					
5.1	Қазақ өнерінің тарихы	3	2	1	
5.2	Актёрлік шеберлік	2	1	1	
5.3	Сахна мәдениеті	2	1	1	
	Барлығы:	80	32	40	8

8. Оқу нәтижелерін бағалау

Оқу нәтижелерін бағалаудың тиімді әдістері: жеке жұмыс, топтық жұмыс, өздік жұмыс. Тыңдаушылардың білімін тексеру және бағалау сабақтарды өткізу барысында ағымдағы бақылау түрінде жүргізіледі.

Өздік жұмыс

Өздік жұмыс барысында тыңдаушылар жеке тапсырманы орындайды.
Өздік жұмысты бағалау критерийлері:

- 1) орындалмаған – 0 балл;
- 2) ішінара орындалды – 1 балл,
- 3) толық орындалды – 2 балл.

Оқытушылардың кәсіби құзыреттіліктерін меңгеру деңгейін анықтау үшін келесі параметрлер қолданылады:

- 1) оқытылатын модуль бойынша оқу материалының мазмұнын меңгеру;
- 2) алған білімдерін оқытуда және орындауда қолдану;
- 3) концерттік орындаушылық шеберлікті меңгеру;

Студенттердің өзіндік жұмысты орындау білімін бағалау ұпайларды он балдық жүйеге ауыстыру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) «Өте жақсы»: 9-10 балл (85-100%);
- 2) «Жақсы»: 7-8 ұпай (75-84%);
- 3) «Қанағаттанарлық»: 5-6 балл (50-74%).

9. Курстан кейінгі қолдау

1. Курстан кейінгі қолдау барысында біліктілікті арттыру бағдарламаларын жүзеге асыратын педагогикалық ұжым мен біліктілікті арттыруға қатысушылардың өзара қарым-қатынасы әртүрлі коммуникациялық құралдарды (электрондық пошта, мессенджерлер, әлеуметтік желілер) пайдалану арқылы қолдау шаралары жүзеге асырылады.

2. Тыңдаушылар өзара тәжірибе алмасып, өздерінің орындаушылық шеберлігімен бөлісетін және өтетін тақырыптарды талқылап, талдайтын топта болады.

3. Тыңдаушылар өнер саласындағы маңызды тақырыптарды қамтитын әртүрлі іс-шараларға қатысады.

4. Біліктілікті арттыру курсынан өткен тыңдаушылар кәсіби конкурстарға, фестивальдерге, концерттік шараларға қатысу арқылы оқылған оқу материалдарын меңгеруді жалғастыруға мүмкіншілігі болады.

Негізгі және қосымша әдебиеттер тізімі

1. Қазақстанның музыка мәдениеті.-Алматы:ҚМБ,1957.-179 б.
2. Жұбанов А. Ән-күй сапары.- А.:Ғылым,1976.-500 б.
3. Найманбаев Ә. Шығармалар.-Алматы: Жазушы, 1988.-304 б.
4. Мұхамедханов Қ.Абайдың ақын шәкірттері. К.3.-Алматы:Дәуір,1995.-320 б.
5. Ибрагимов Т. Толқын толғауы.-Алматы: Өнер, 2000.-360 б.
6. Жұбанов А. Замана бұлбұлдары.-Алматы:Дайк-Пресс, 2001. - 440 б.

7. Жұбанов А. Ғасырлар пернесі: қазақтың халық сазгерлерінің өмірі мен шығармашылығы туралы.-Алматы:Дайк-Пресс,2002.-325 б.
8. Қожағұл С. Әсет ақын.-Алматы: Қазақ тарихы, 2003 ж.-144 бет.
9. Затаевич А.В. 1000 песен казахского народа.-Алматы:Дайк-Пресс,2004.- 496 с.
10. Қазақ халқының дәстүрлі музыкасы.-Алматы:ДОИВА, 2005.-560 б.
11. Мұхамедханов Қ. Абай мұрагерлері.-Алматы: Алаш, 2005.-332 б.
12. Негимов С. Қазақтың сал-серілері.-Алматы:Ана тілі, 2005.-126 б.
- 13.Затаевич А.В. 500 казахских песен и кюйев/отв.ред. С. Кузембаева.-Изд. Акад., доп.-Алматы:ИЛИ им. М. О. Ауэзова, 2007. - 1148 с., ноты.
14. Алтай-Тарбағатай өңірінің халық әндері.1-кітап.-Алматы:Атамұра, 2008.-288 б., ноталы.
15. Байбек А. Песенный стиль Арки в контексте этносольфеджио.-Алматы:б.и.,2009.-27 с.
16. Сарыарқа әндері. Антология.-Алматы: б. ж., 2009. - 331 б., портр., ноталар.
17. Қорамсаұлы, Ақан сері.-Алматы:Қазақстан, 2013. - 383 б., портр., ноталы
18. Қожағұлұлы, Біржан сал. Шығармалары.-Алматы:Қазақстан, 2013.-383 б.
19. Шүкіман Е. «Әннің де естісі бар, есері бар»: (Дәстүрлі әндерді орындаушымен сұхбат): Свобода слова, 2014, 6 ноябрь, б.14.
20. Сыр сандық: Қазақ халық әндерінің антологиясы/құраст.: Қ. Ә. Байбосынов, А. Ж. Нығызбаев, Қ. Х. Айтбаев - Астана:Дәуір, 2016. - 613 б., сур., ноталы.
21. Сұржекей: әндер жинағы.-Алматы:Мерей баспасы, 2017.-215 б.
22. Сағынбасқа не шара: әндер жинағы/құраст.: Е. Шүкіманов, Т. Сембаев.- Алматы : б. ж., 2017. - 390 б.
23. Шәкәрім. Энциклопедия.-Семей: Алаш-Таным, 2019.-864 б.
24. Байбек А.Заманауи музыкалық білім беру жүйесінде ән дәстүрін трансляциялау: оқу құралы. - Алматы:Асыл кітап, 2020. - 57 б., нота.
25. Қазақтың дәстүрлі әндері/электрондық ресурстар; (музыкалық ред. Б. Ақош, Е. Рысқали ; ауд. Ж. Зардыхан).-Астана: Жәдігер, 2020. – 22 б., суретті.
26. Песенный канон и индивидуальные стили устно-профессиональной лирики Арки в контексте творчества Біржан сала, Ақан сері и Үкілі Ыбырая.-Алматы:Асыл кітап,2021.-276 с.
27. Шегебаев П. Қазақ музыка әдебиеті: оқу құралы/П. Шегебаев С.-Тараз: Dulaty university, 2022. - 106 б.
28. Шүкіман Е. Көзімнің қарасы: Абайдың музыкалық мұрасы.-Алматы:Абай баспасы, 2022.-248 б.
29. Мұхамеджанов.Т. Халық әндері-халық тарихы.-Жалын, 2023, №2(215),23-30 б.

30. Стамғазиев, Р. Домбыра үнінде мәңгілік сағыныш бар.../Егемен Қазақстан.- 2024, 28 маусым (№ 124). - 20 б.